

**МЕКТЕП ЖАСЫНА
ДЕЙІНГІ
БАЛАЛАРДЫҢ ЗЕЙІН
ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Жоспар:

I Бөлім. Мектеп жасына дейінгі балалардың зейіні туралы

1.1.Мектеп жасына дейінгі балалардың зейіні

1.2.Дидактикалық ойындар

II Бөлім. Мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық әрекеттерін дамыту

2.1.Балаларды мектепке дайындау түсініктері жасына дейінгі балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту жолдары

III Бөлім. Мектеп жасына дейінгі балалар психологиясының ерекшеліктері

3.1.Балалардың психологиялық ерекшеліктері

3.2.Балалардың психологиялық ерекшеліктерін топтастыру

Қорытынды

Қолданылған әдебиеттер

I БӨЛІМ





Процестердің дамуы, қоршаған ортаның баламен қарым-қатынасына байланысты. Егер зерттеу мақсаты болжам мақсатқа жету жолында мынандай міндеттерді алдымызға қойдық.

- мектеп жасына дейінгі балалардың психофизиологиялық ерекшеліктерін зерттеу.
- мектеп жасына дейінгі балаларда танымдық процестерінің деңгейлерінің диагностикасы.
- баланы мектепке дайындаудың тиімді әдіс-тәсілдерін қолданудың психологиялық мүмкіндіктерін айқындау.

II

БӨЛІМ

Ойын—баланың бірінші әрекеті, сондықтан да оның мән—мағынасы ерекше. Қазақ халқының ұлы ойшылы Абай Құнанбаев: «Ойын ойнап, ән салмай, өсер бала бола ма?», - деп айтқандай, баланың өмірінде ойын ерекше орын алады. Мектеп жасына дейінгі балалардың зейіні тұрақсыз болады. Оларды біркелкі жұмыс тез жалықтырады. Сондықтан олардың зейінін үнемі қажетті бағытқа аудару үшін ойын түрінде жүргізу қажет. Өйткені ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінде алған білімді ойынмен тиянақтау білімнің беріктігіне негіз қалайды.





Балаларға тапсырмалар ойын түрінде беріледі, бұл дидактикалық ойындардың негізгі ерекшеліктері. Балалар ойнау арқылы белгілі бір білім, білік, дағдыларды және ойын әрекеттерін меңгереді. Әр дидактикалық ойынның танымдылық және тәрбиелік мазмұны болады.

III

БӨЛІМ



Балалардың мектепке дайындығына сапасына келетін болсақ, мектепке дейінгі жаста адам өміріне қажетті психикалық және дене тәрбиесінің сапалары қалыптасады.

Осы шақта қоршаған ортаны қабылдау, өзіне деген қарым-қатынастары, атап айтқанда, 3-7 жас аралығында эмоциялық, танымдық, ерік сезімдері нығаяды.



Мектепке барғанда мұғалім таным процестеріне көңіл бөліп, әр баланың жеке ерекшеліктеріне мән беруге тиіс. Егер баланың есі жақсы дамыған болса, ол тез қабылдап есіне сақтайды. Бала есте сақтау процесінен басқа да салыстырып, жалпылап талдау жасауға тиісті. Сонда ғана істеген іске толық қортынды бере алады. Осы жастағы балалардың көрген нәрселерін мағыналы түрде қабылдауға, білуге құмарлықтары артады.

Мектепалды кезеңнің соңында баланың мінезі ерікті болады. Үлкендермен қарым-қатынасында балалар олардың берген білімдерін бар зейінмен қабылдайды. Балада еріктің дамуы төмен болса, берген тапсырманы түсінбей, өз еркімен жасай алмайды. Сондықтан да мектепке баратын балалардың үлкендермен, құрдастарымен жақсы қарым-қатынаста болуының зор маңызы бар.

**ҚОРЫТЫНД
Ы**

Мектепке дейінгі шақта балалар ықтиярлы зейінді меңгере бастаса да, бүкіл мектепке дейінгі балалық шақта ықтиярсыз зейін басым болып қала береді. Балаларға өздері үшін бір текті әрі тартымды шамалы іс-әрекетке зейін қою қиынға түседі, сонымен бірге ойын процесінде немесе әсерлі сезімге бөлерліктей тапсырмаларды шешерде олар едәуір ұзақ уақыт бойы ықыласты болып жүреді. Мектеп жасына дейінгі бала зейінінің ерекшелігі мектепке дейінгі оқыту ықтиярлы зейінге үнемі күш салуды талап ететін тапсырмалар бойынша құрылуы мүмкін емес себептердің бірі болып саналады. Сабақтарда пайдаланылатын ойын элементтері, іс-әрекеттің нәтижелі түрлері, іс-әрекет формаларын жиі өзгерту балалардың зейінін айтарлықтай жоғары деңгейде ұстауға мүмкіндік береді.

**НАЗАРЛАРЫҢЫ
ЗҒА
РАХМЕТ!!!**